



«Бекітемін»

Мектеп директоры

Н.Кулахметов

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

Ф.Караев

**2022–2023 оқу жылында
№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
4- сыныптарына арналған
«Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

2022 ж.

**4 сыныптарына арналған «Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мәрзімі
1	Жолда жүру ережелерін білеміз бе?	1	қыркүйек
2	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері	1	қазан
3	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар	1	желтоқсан
4	Темір жол өтпелері	1	наурыз
5	Жарақаттар кезде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру	1	сәуір
6	Қорытынды сабақ	1	мамыр
	Жалпы	6	

Сынып жетекшісі:

А.Умарова

Тақырыбы: Жолда жүру ережелерін білеміз бе?

Мақсаты: — Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру; ережелерді есте сақтауға үйрету;

Өтілу барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі

-Құрметті оқушылар! Бүгін біз жолда жүру ережелерін білеміз бе, оларды қалай меңгергенбіз, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба, сол жөнінде ой бөлісейік. Және жолда жүрудің үлгісін көрсетейік.

Бүгінгі біздің «Жолда жүру ережесін білесің бе?» атты сабағымызды бастамастан бұрын мынандай сөзжұмбақты шешіп алайық.

Жоқ өзінде бас та, ауыз, құлақ та.

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

Жарайсыңдар, балалар! Ендіме, бағдаршамға назар аударайық. Жолда жүру тәртібін, ережесін жақсы білеміз бе екен, байқайық!

Бұл сақшының үш көзді.

Үш көзден үк, үш сөзді.

Ашша сақшы үш көзін.

Айтты деп үк үш сөзін

Токта! Сақтан! Жол ашық!

Жүрме жолға таласып – деп сыныбызды үш топқа бөлейік.

«Сұрақ – жауап».

Қызыл тобына: 1. Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? (Әуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз)

2. Бағдаршамның неше көзі бар? (3. қызыл, сары, жасыл)

3. Балалар қай жерде ойнау керек? (арнайы алаңдарда)

Сары тобына: 1. Жолаушылар деген кім? (кез – келген көлікке мінетін адамдар)

2. Жаяу адамның өтетін жолындағы сызық? (акжолак)

3. Көлік күткенде қай жерде тұру керек? (аялдамада, арнайы белгілеген орындарда)

Жасыл тобына: 1. «Жүргізуші» деген кім? (көлік айдайтын адам)

2. Автобус, троллейбус тоқтайтын жер? (аялдама).

3. Өмірімізді қатерден сақтандыратын, көшемізде тұратын көмекшіміз не? (бағдаршам)

Жолда жүру ережесі:

Машина жүретін жолда ойнауға болмайды.

Көлік жүретін жолмен жүруге болмайды.

Көшенің қиылысындағы бағдаршамның қызылы жанғанда жолдан өтуге болмайды.

Көшенің кез келген жерінен өтуге болмайды.

Көлік жүретін көшені бойлап жүруге болмайды.

Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да бағдаршамның жасыл түсі жануын күт.

Жолдан бағдаршамның тек жасыл жанғанда ғана өт.

Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.

Жаяу адамдардың міндеттері:

Жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.

Жолдан бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.

Жаркылдап маягі және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жанындағанда жаяулар жолдан өтпелі тоса тұруы тиіс.

Қараңғыда жүргізушілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық қайтарғыш тағып алу керек.

Қорытындылау

Тақырыбы: Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің түрлерін, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Көрнекілігі: Жол белгілерінің суреттері, бағдаршам макеті, көліктер, интерактивті такта, Сабақтың барысы:

1. **Ұйымдастыру бөлімі:** психологиялық дайындық
2. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Бүгінде ауылда да, қалада да үлкен көшелер және онда жүйткіген автокөліктер көбейде. Көше кеңейген сайын ережі-қарсылы жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің де көбейетіні даусыз. Соңғы жылдары еліміздің қай жерінде болмасын автокөліктердің барлық түрлері еселен артып келеді. Мұның өзі машина жүргізушілер мен жаяулардың, әсіресе мектеп оқушыларының жол ережесін неғұрлым жете біліп, қатаң сақтауын қажет етеді. Көшенің тәртібін үйде ата-ана ескертсе, көше киылысында күзет қызметкерлері мен бағдаршам қадағалайды. Ал сендер көше ережесін жақсы біліп, оны орындауға, сақтауға тиіссіндер. Бағдаршам өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз. Көліктер мен қатар, аспанда ұшақтарымыз да ұшады. Олардың да жолда жүру ережелері бар. Сондықтанда статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ көптеген жол апаты, жаракат алып жатқан адамдар саны қаншама. Бұлардың барлығы біріншіден жол ережесін білмегендіктен, екіншіден жол ережесіне бағынбағандықтан болып отыр.

«Ережені білейік, аман-есен жүрейік» сұрақ-жауап кезеңінде топтаны бала ортаға самокатпен шығып 3 топқа хат таратады.

1. «Кім жылдам?» ойыны оқушы тактайында жасырылған жол белгісін жылдам тауып, қандай белгі екенін айту.
2. «Үйренейік, білейік» кезеңінде жол ережесі

Қазақстанның асфальт жолдарындағы қазіргі заманымызға лайықты дүниеге келген сан түрлі маркалы автомобильдерді айтсаңызшы! Жаңа ғасыр техникасының өркендеп, дәуірлеген заманы болды.

Маңайымызда қаптаған техникадан жолда жүріп-тұруымызға қиындық туды. Сондықтан бізге көмектесу мақсатында бағдаршам дүниеге келді.

«Ережені білейік, аман-есен жүрейік»

1 топ 1. Бағдаршам деген не? Жарықпен белгі беру арқылы көшедегі автомобиль жолы мен темір жолдағы қозғалысты реттеуге арналған құрылғы.

2. Жаяу жүргінші деген кім? Көлік құралынан тыс және онда жұмыс жасамайтын адам.

3. Автобус деген не? Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған, онда жүргізуші орнын қоспағанда сегізден астам отыратын орны бар автокөлік құралы.

4. Жол элементтерін ата. Көше, бұрылыс, тротуар, жол жағалауы, бөлу жолағы

5. Тротуар деген не? Жолдың жүргін бөлігімен қатарлас немесе одан газонмен бөлінген жаяу жүргіншінің қозғалуына арналған элементі.

2 топ 1. Тыйым салу белгілері қандай түспен белгіленеді? Қызыл дөңгелек.

2. Бағдаршамның қызыл көзі жанып тұрғанда қандай көліктерге жүру рұқсат етіледі? Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция.

3. Жол дегеніміз не? Мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының жүруіне арналған инженерлік құрылыстар кешені.

4. Маршруттық көлік құралы деген не? Жол бойымен жолаушыларды тасымалдауға арналған және белгіленген аялдама пункттері бар белгіленген маршрутпен қозғалатын жалпы пайдаланудағы көлік құралы.

5. Жолаушы деген кім? Көлік құралындағы(үстіндегі) және оны басқармайтын адам.

3 топ

1. Жол-көлік оқиғасы деген не? Көлік құралының жол бойымен қозғалысы кезінде және оның қатысуы процесінде туындайтын, адамдар қаза тапқан немесе жаракат алған, көлік құралдары, ғимараттар, жүктер бүлінген, не өзге де материалдық зиян келтірілген оқиға.

2. Жол қозғалысын реттейтін адам кім? Реттеуші.

3. Бағдаршам жоқ жерде көшеден қалай өтеміз? Егер бағдаршам болмаса, әуелі солға, содан соң көшенің ортасына келгенде оңға қараймын.

4. Көлік құралы дегеніміз не? Жол бойымен адамдарды, жүктерді немесе оған бекітілген құрал-жабдықтарды тасымалдауға арналған құрылғы.

5. Неше жастан бастап жолда велосипедпен жүруге болады? 14 жасқа толған балаларға рұқсат етіледі.

«Ескерту белгілері»

Шлагбаум арқылы темір жол өткелі

Жаяу жүргіншілер өткелі

Тыйым салу белгісі - Қызыл жолақпен көмкерілген дөңгелек

Қызылмен боялған, шеңберлі аумақты

Тыйымшыл белгімін, қаталмын, салмақты

Мен тұрған жерлерде қакын жок жүруге

Қауіп бар бағдарла, көз салып жан - жакқа.

Нұсқау белгісі - көк түсті төртбұрыш

Баратын жеріңнің бағытын, тұрағын

Үн - түнсіз жөн айтып, жол нұсқап тұралмын

Күнсіз де түнсіз де от болып жасады

Көк түске боялған төртбұрыш шырағым.

- Балалар сендер бұл белгілерді біліп жүріңдер. Ал, енді қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық

1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт

2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлігіш жолақтан кейін оңға қара

3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт

4. Егер, жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса жаяу жүргінші

жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жолмен жүруге тиісті.

5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.

6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме.

7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.

«Бағдаршам» әні

Мұғалімнің қортынды сөзі:

Такырыбы: Жол жагдайларын макетте (пишімде) талдау.

Арнайы авто аялдама өткізілетін тәжірибелік сабактар

Максаты: Жүргінші өтпелерінің белгілерін қай жерде, қалай кездесетінін ұғындыру. Көшеде дұрыс жүру ережесін қалыптастыру. Қауіпсіздік ережесін меңгерту.

С а б а қ б а р ы с ы:

I. Оқушылардың сабаққа зейіндерін аудару. Күн ретін жазу.

II. 1. Жаяу жолдың шетіне барып, жаяу жүргінші өтпесіне жақындап, жол жиегін баспай тоқта.

2. Солға және оңға қарап ал. Жол қиылысында көлік түрлерінің көлік түрлерінің қай бағытта келе жатқанын байқа: жаяу жүргінші өтпесі бағытына қарай бұрылғалы келе жатқан машинаның жоқ екеніне көз жеткіз.

3. Жақындап қалған көлік түрлерін өткізіп жібер.


4. Жолдан өтуді көлік түрлері қауіпсіз болатын қауіптіліктен баста. Бұрылғалы келе жатқан көліктен сақтан.

III. Реттеуші және оның сигналдары.

Кей кезде бағдаршамның жұмысы тоқтап қалады. Ондай жағдайда адамдар араласады. 2 жақта білу керек. Жүргіншілер үшін және көліктер үшін. Реттеушінің орны – жол қиылысының ортасы. Оның денесі мен қолдары арқылы жасалған қимылдар реттеушінің сигналдары болып табылады. Ол сигналдар жақсы көрінуі үшін реттеуші қолына ала таяқ немесе жарық шығаратын қызық түсті диск ұстайды.




Реттеушінің бар болғаны 4 сигналы бар.



1. Реттеуші жаяу жүргіншіге бүйірін беріп, екі қолын жан-жаққа созып немесе түсіріп тұрса, жаяу жүргінші көлік жолды кесіп өтуіне болады.

2. Реттеуші оң қолын алға созса, жаяу жүргінші оның арқа тұсынан көлік жолды кесіп өтуіне болады. Ал ол кеуде тұсымен қарап тұрған жақтан көшені қиып өтуге рұқсат етілмейді.



3. Реттеуші жаяу жүргіншіге кеуде немесе арқа тұсын беріп қолдарын жан-жаққа созып, яки түсіріп тұрса, жаяу жүргіншінің қозғалысына тыйым салынады.

4. Реттеуші қолын жоғары көтереді. Бұл – ескерту белгісі. Көліктер мен жаяу жүргінші қозғалысына тыйым салынады. Бұл сигнал кезінде көлік жүретін жерде болған жаяу жүргіншілер жолды толық кесіп өтуге немесе әр бағыттағы көлік қозғалысын бөліп тұратын сызық бойында тоқтауға тиіс.

Көлік құралдарының түрлері

Адамдарды немесе жүктерді тасуға арналған қондырғы **көлік құралдары** деп аталады. Адамдарды тасуға қызмет ететін көлік жалпы пайдаланылатын көлік. Оған: автобус, троллейбус, трамвай, маршрутты таксилер, бұлар берілген маршрут бойынша жүреді.

Жүк тасуға қызмет ететін көлік **жүк көлігі** деп аталады

Арнайы көлік – бұл арнайы дабылдармен жабдықталған көлік (дабыл, тудок, нуыспаты жарық).

Бұған жататындар : полиция, өрт және санитарлық автомобильдер.

Бұлармен қатар көліктің **қызметтік** және **жеке** түрлері бар.**Қызметтік көлік**- бұл кәсіпорынның мұқтажы үшін қызмет ететін кәсіпорынның меншігі.**Жеке көлік** – бұл азаматтардың жеке меншігіндегі көлігі.

Қорытындылау

Тақырыбы: Темір жол өтпелері.

Мақсаты: теміржол ережелерін сақтау әрбір азаматтың міндеті екенін ұғындыру.

Көрнекілігі: суреттер.

Барысы:

А/ Теміржол- аса қауіпті аймақ екенін түсіндіру:

-Жол ережелерін сақтау- әрбір азаматтың міндеті. Теміржол ережелерін әрдайым орындап жүруіміз керек.

Теміржол бойында жол белгілері орнатылған. Олар күндіз- түні жұмыс істейді.

Ә/ Теміржол белгілері бар суреттермен жұмыс.

-Шлагбаумы бар теміржол өткелі;

-Шлагбаумы жоқ теміржол өткелі;

-Бір жолды теміржол;

-Көп жолды теміржол;

-Теміржол өткеліне жақындау;

Б/ Пойыз жақындаған кезде қоңырау соғылады. Қызыл жарық жанып- сөніп тұрады, әрі теміржол өткелінің алдында екі жерде жол белгісі тұрады.

3.Сұрақ- жауап. Оқушы пікірін тыңдау.

В/ Теміржол ережесін білу не үшін керек?

1-Оқушы: Әр оқушы теміржол ережесін, тәртібін жақсы білу керек. Ережені білу пойыз астына түсудегі апаттан сақтайды;

2-Оқушы: Ережені дұрыс орындамау көліктің жүріп- тұруына кедергі келтіреді;

3-Оқушы: Жолаушылар жұмысқа, сабаққа дер кезінде жете алмауы мүмкін;

4-Оқушы: Пойыз жолдан өткенде сақ болуымыз керек;

5- Оқушы: Басталар әр қадамың аттауменен, өмірге қол созады. Әрбір жолаушылар сақ болсын өміріне жол жүру ережесін;

6- Оқушы: Көшеде біз сақ болайық.

Қаймықпасын ата-ана.

Жолда сен бол лайық!

Жас ұлан деген атыңа.

7-оқушы: Жолда жүру әліппесін.

Білген жөн бес саусақтай.

Сонда ғана жүре атасын.

Сен өзінді сау сақтап.

4.Қорыту.

-Өткелден өтерде теміржол өткелінің алдында тұрған белгіге назар аудар!

- Әсіресе, шлагбаумды жоқ теміржол өткелінен « өтерде өте сақ болыңыз!»

-Шлагбаумы жоқ теміржол өткелінде паровоздың суреті бейнеленеді!

-Арнайы жолмен өту керек!

-Өткелі жоқ жерден өтуге болмайды!

Сонымен әрқашан жолда жүру ережесін есте сақтап, тәртіп бұзбай жүрейік.

Тақырыбы: Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.

Мақсаты:

1. Оқушыларға жарақат алған кезде көрсетілетін алғашқы көмектің негізгі әдіс — тәсілдерімен таныстыру;
2. Оқушыларды алғашқы медициналық көмектің практикалық дағдысын қалыптастыру;
3. Достыққа, адамгершілікке, біріне - бірі көмек беруге тәрбиелеу.

Құрал - жабдықтар: қажетті материалдар, жгут, шина, дәрі - дәрмек түрлері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру. Бүгінгі сынып сағатының тақырыбы: Жарақаттардың түрі, оған көрсетілетін бірінші көмек және оның атқарылуы.

Барлық механикалық зақымдаушылар ашық және жабық деп бөлінеді.

Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы.

Алғашқы көмек дегеніміз – зардап шеккен адамның жарақатын асқындырмай, оған әртүрлі медициналық көмек шараларын дұрыс көрсетіп, оның өмірін сақтап қалуға бағытталған іс-әрекет. Сондықтан да жарақаттанған адамның өмірі мен патологиялық процестердің одан арғы салдары көбінесе апат болған жердегі алғашқы көмектің көрсетілген уақыты мен оның сапасына тығыз байланысты.

Ашық зақымдалу, немесе жара, кілегейлі қабықша мен тері жамылғысының тұтастығының бұзылуы - бұл сыртқы жара, ал ішкі жара қан кетумен сипатталады (көкірек, құрсақ қуысы, ми сауытында).

Жарақаттану мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Өндірісте (өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында) жарақаттану;
2. Көлікте (автомобиль, темір жол, су көлігі, әуе көлігі) жарақаттану;
3. Көшеде жарақаттану (адамдардың көшеде құлап қалуынан, құлаған заттардың соғуынан, т. б. зақымдану);
4. Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және бейбіт кездегі жарақаттары болып табылатын әскери жарақаттану;
5. Спортпен айналысқан кездегі спорт жарақаттары.

Жол-көлік оқиғасына қатысушылардың арасында жүргізушілер, жүргіншілер, жолаушылар, жұмысшылар, оқушылар және басқа адамдар болуы мүмкін. Ережелер бойынша жол-көлік оқиғасына тікелей қатысты жүргізушіге ерекше жауапкершілік жүктеледі. Велосипед мінгендерде жол-көлік оқиғасына қатысты болуы мүмкін. Оған қоса, жүргіншілердің, жолаушылардың, оқушылардың да өздеріне лайықты жауапкершілігі болатынын ұмытпағандар.

- Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда не істеуіміз керек?

- Оқиға болған жерден көлікті және оқиғаға қатысты басқа заттарды қозғамау керек.

- Жарақаттандарға алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсету қажет.

- Шұғыл түрде полиция бөліміне хабарлап, оқиға болған жердегі жағдайды тексеруге атсалысу керек.

- Көліктердің тежеу жолдарын, іздерін сол қалпында сақтауды ұмытпаған дұрыс

- Болған оқиғаны көрген адамдардың мекен-жайын, телефон нөмірлерін, аты-жөнін жазып алу да пайдалы болады.

- Полиция келгенше, көліктің нөмірлерін, модельдерін жазып алып, ал оқиға орнынан қашып кететін жағдайда тиісті мекемелерге хабарлау қажет.

Қорытынды

- Бүгінгі сынып сағатында алғашқы көмек көрсетудің принциптері мен оқиға жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетудің жолдарымен таныстық. Көп жағдайда зардап шегушінің толық жазылып кетуі немесе өмір бойы мүгедек болып қалуы осы алғашқы көмекке байланысты. Дер кезінде дұрыс көрсетілген алғашқы көмектің арқасында адам өмірін сақтап қалуға өз үлесіңізді қоса аласыз. Әрекет етуден қорықпаңыз, сіз әншейін көмекке шақырып айқайлаған болсаңыз да осының өзі сіздің үлесіңіз.

Тақырыбы: Қорытынды сабақ

Максаты: а) оқушыларға жол-көлік оқиғасы бола қалған кезінде өздерін ұстай білу ережелерін меңгерту

Көрнекілігі: суреттер, газет киындылары, нақыл сөздер

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Мұғалім: — Енді, балалар, қатамдарыңды орнына қойып, кеуделерінді, бастарыңды көтеріп тұзу отырыңдар. Мен сендерді жол-көлік оқиғасы кезіне өздерінді ұстай білу ережелерімен таныстырамын. Зейін қоя қарап, тындай отырып, жаңа мағлұматтарды естеріне сақтай отырыңдар. Интербелсенді тактада оқушылардың жол-көлік оқиғасы кезіне өздерін ұстай білу ережелері

II. Негізгі бөлім

Жол-көлік оқиғасына қатысушылардың арасында жүргізушілер, жүргіншілер, жолаушылар, жұмысшылар, оқушылар және басқа адамдар болуы мүмкін. Ережелер бойынша жол-көлік оқиғасына тікелей қатысты жүргізушіге ерекше жауапкершілік жүктеледі. Велосипед мінгендерде жол-көлік оқиғасына қатысты болуы мүмкін. Оған қоса, жүргіншілердің, жолаушылардың, оқушылардың да өздеріне лайықты жауапкершілігі болатынын ұмытпаңдар.

Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда не істеуіміз керек?

Оқиға болған жерден көлікті және оқиғаға қатысты басқа заттарды қозғамау керек.

Жарақаттанғандарға алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсету қажет.

Шұғыл түрде полиция бөліміне хабарлап, оқиға болған жердегі жағдайды тексеруге атсалысу керек.

Көліктердің тежеу жолдарын, іздерін сол калпында сақтауды ұмытпаған дұрыс

Болған оқиғаны көрген адамдардың мекен-жайын, телефон нөмірлерін, аты-жөнін жазып алу да пайдалы болады.

Полиция келгенше, көліктің нөмірлерін, модельдерін жазып алып, аяқ оқиға орнынан қашып кететін жағдайда тиісті мекемелерге хабарлау қажет.

III. Сабақты бекіту

Интербелсенді тактаға жол-көлік оқиғасы кезінде жарақаттанғандарға көрсетілетін алғашқы дәрігерлік жәрдем қандай болуы тиіс екендігі жазылады.

Тездетіп дәрігерлік «жедел жәрдемге», полицияға немесе жол полициясы қызметкерлеріне хабарлау керек.

Мүмкін болғанынша, жарақаттанғандарды қиындықтан құтқару қажет.

Адамдардың жарақаттанған жерлерін танып, қан тоқтату шараларын жасаған жөн.

Адамдардың сынған жерлерін қозғалмайтындай күйге келтіру керек.

Алғашқы дәрігерлік жәрдемді асықпай, абайлап көрсету қажет.

Сабақты қорытындылау

Жол-көлік оқиғасына қатыскандар мен оны көрушілердің өзін-өздері ұстауы.

«Жедел жәрдем» шақыру. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету мүмкіндігі.

Алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі іс-әрекеттер тізбегі.

Жоғарыда автокөліктің тоқтау жолын құрастыратын факторларға шолу жасадық. Ендеше тоқтау жолы дегеніміз не? Жүргізушінің кедергіні көріп, тежеушіті басқанға дейінгі аралық пен тежеушіті басып, машина тоқтағанға дейінгі арақашықтықтың қосындысы тоқтау жолы деп аталады.

Қорытындылау